


## Информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинары жұмысының 2020-2021 оқу жылы бойынша

### ЕСЕБІ

Информатика кафедрасында әр ай сайын бекітілген жоспар бойынша кафедраның ғылыми-әдістемелік семинары өткізіліп отырды. Бұл оқу жылының ерекшелігі елдегі жағдайға байланысты семинар отырысы Zoom платформасында онлайн формада өткізілді.

Қыркүйек айында кафедраның ғылыми-әдістемелік семинар тақырыптары талқыланып, жоспарланды. Семинарда кафедра оқытушыларының семинарда өткізілетін ашық шараларының тақырыптары жоспарланып, талқыланды.

Семинарда сөз алған кафедра мүшелері өз сөздерінде қазіргі қашықтан білім беруге



байланысты проблемаларды шешу үшін қашықтан білім беру платформалары мен әдістерін меңгеріп және тәжірибемен бөлісу үшін кафедра оқытушыларымен қатар қаланың білім беру саласында қызмет етіп жүрген кафедра түлектерін де семинар жұмысына қатыстырып, тәжірибе бөлісу қажет екенін айта келіп, сол арқылы мектеп пен ЖОО арасындағы екі жақты тәжірибе

алмасу мақсатындағы шараларды ұйымдастыру қажеттігі жайында ұсыныстарын жеткізді. Сонымен қатар, семинар жұмысында қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі болып табылатын пәнді ағылшынша өткізу әдістемесімен бөлісіп, қазіргі ахуалға байланысты қашықтан оқытуда видео сабақтар дайындау және оны қолдану, студент білімін бағалау, практикалық сабақтар өткізуде әркім өзі қолданып жүрген әдістерін ортаға салып, шеберлік сабақтар мен тренингтер арқылы тәжірибе алмасуымыз қажет екенін айтты.

Семинар барысында кафедра мүшелері семинарда қаралатын мәселелер мен тақырыптар жайында өз пікірлерін ортаға салды.

Қазан айының 14- күні Информатика кафедрасында “Қашықтан оқыту модельдері” тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік семинарының кезекті отырысы өткізілді. Семинар отырысы шеберлік класы формасында Zoom платформасында онлайн өткізілді. Оны кафедра доценті, п.ғ.к. Медешова А.Б. жүргізді. Семинар мақсаты болып қазіргі заман талабына сай студенттерді қашықтан оқытуда қолданылып жүрген әртүрлі



платформалар мен педагогикалық әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибесімен бөлісу саналды.

Айгүл Бактығалиқызы семинар барысында қашықтан оқытудың мәселелері және оны шешудің жолдары жайында теориялық түрде тоқтала келіп, өз тәжірибесінде қолданылып жүрген әртүрлі педагогикалық инновациялық әдістер жайында материалдарды презентация арқылы баяндады. Сонан соң,


қашықтан оқытуда қолданылып жүрген көптеген заманауи платформалар мен қосымшалардың жұмысымен көрнекі түрде таныстырды.

Атап айтатын болсақ:


- *Google Classroom* – Google компаниясының қашықтан оқытуды жүзеге асыратын интерактивті платформасы.
- *LearnningApps*– әр түрлі деңгейдегі интерактивті тапсырмаларды құруға арналған қосымша.
- *Emaze*– бұлттық технологиялар негізінде онлайн-презентация жасау және оны Интернет желісіне жүктеу қосымшасы.
- *Mindomo*– ментальды карта жасау қызметінің қосымшасы т.б.

Семинар соңында студент білімін бағалауды жүзеге асыратын онлайн тест жасаудың *Master-test* және *App.onlinetestpad* қосымшаларында жұмыс жасау демонстрацияланып, тәжірибемен бөлісу жүзеге асырылды.

Кафедра оқытушылары арасында өткізілген мұндай өзекті тақырыптағы, мол тәжірибемен жинақталған шеберлік кластарының студенттерге қашықтан білім беру ісінде әріптестеріне әдістемелік көмегі мол болары сөзсіз. Семинар туралы мақала екі тілде факультет сайтында жарияланды. «Қашықтан оқыту модельдері» шеберлік класы. 16-қазан. 2020ж.// <https://fim.wksu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedrasyy/234-master-class>



Қараша айының 4- күні Информатика кафедрасында “*Google Форма онлайн құралы арқылы студент білімін бағалау*” тақырыбы бойынша ғылыми- әдістемелік семинарының кезекті отырысы өткізілді. Семинар отырысы шеберлік класы формасында Zoom платформасында онлайн өткізілді. Шеберлік класын кафедраның аға оқытушысы Мұхамбетова Ғ.Ғ. өткізді. Оның мақсаты болып қашықтан оқыту жағдайында студент білімін бағалау үшін Google Форма онлайн құралын қолдану және Zoom қосымшасында ішкі топтармен (сессиямен) жұмыс жасау тәжірибесімен бөлісу саналды.




Шара барысында оған қатысушыларға кері байланыс, онлайн тесттер мен сауалнамалар жасаудың онлайн қызметін атқаратын бұлттық сервистің бірі Google Форма қосымшасының қызметі, мүмкіндіктері мен қолданылу аймағы жайында баяндалып, презентация көрсетілді.

Сонан соң, Google Форма қосымшасында жұмыс жасау мүмкіндіктері практикалық түрде компьютер экранында көрсетілді. Қосымшаның тест мүмкіндіктерін баптау, түрлі формада тест тапсырмаларын құрастыру, оны студенттерге жіберу және жауаптарды қабылдау мен талдау функциялары толығымен егжей тегжейлі қарастырылды.

Семинар барысында кафедраның аға оқытушысы Амантурлина Г.Қ. Google Форма қосымшасының бөлім құру және онымен жұмыс жасау мүмкіндігі жайында баяндап, оны қолданудың практикалық мысалдарын көрсетті.

Сонан соң, Zoom қосымшасында ішкі топтармен (сессиямен) жұмыс жасау мүмкіндіктері қарастырылып, сессия бөлмелері функциясының студенттермен жұптық жұмыс, топтық жұмыс жасауда ыңғайлы құрал екені айтылды. Айтылған теориялық білім практикамен ұштасып, жүргізуші семинарға қатысушыларды топқа бөліп, әр топ талқылау сұрақтарымен жұмыс жасады.




Семинарға қатысқан кафедра оқытушылары шеберлік класында қарастырылған қосымшалар мүмкіндіктерін студенттерге қашықтан білім беруде өз сабақтарында қолданып, тәжірибелерін шыңдай түсері сөзсіз.

Семинар туралы мақала екі тілде факультет сайтында жарияланды.

«Google Форма онлайн құралы арқылы студент білімін бағалау» шеберлік класы//<https://fim.wksu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedrasyy/237-google-form-master-class>

Кафедра оқытушылары өз кәсіби біліктілігін дамытумен қатар, кафедраның түлектерінің маман болып қалыптасуына да әдістемелік көмек көрсетуде. Осы мақсатта осы жылдың қаңтар айының 14- күні кафедраның ғылыми- әдістемелік семинар аясында “Түлектердің әдістемелік қалыптасуындағы проблемалар мен ұсыныстар” атты дөңгелек үстел шарасы Zoom платформасында онлайн форматта өткізілді. Онлайн кездесу шарасына педагогикалық информатика мамандығын 2018, 2019 және 2020 жылы бітірген түлектер және осы мамандық бойынша білім алып жатқан 4- курс студенттері қатысты. Түлектер Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтау, Қызылорда, Атырау, Қостанай қалалары мен облыстарында лицей, гимназия және жалпы орта білім беретін мектептерде информатика пәні мұғалімі болып қызмет атқарады.



Түлектер маман болып әдістемелік қалыптасуындағы проблемаларын ортаға салып, мектеп бағдарламасына жаңадан енгізілген «Python бағдарламалау тілі», «Робототехника» пәндерін тереңдетіп оқыту, бағдарламалау тілінен олимпиадаға дайындау, смартфондарға арналған қосымшалар құрастыруға көбірек көңіл бөлінсе деген ұсыныстарын айтты. Сонымен қатар, төменгі


курстарда өкізілетін педагогикалық сараман сағатын көбейтіп, оқушылармен тығыз жұмыс жасауды 2,3-курстан бастаса деген өз ойларын жеткізді. Бұл семинар бойынша айтылған ұсыныстар алдағы уақытта кафедра жұмысын жоспарлауда ескерілетін болады.

Семинар туралы мақала екі тілде факультет сайтында жарияланды.

“Түлектердің әдістемелік қалыптасуындағы проблемалар мен ұсыныстар” онлайн форматта өткен дөңгелек үстел// <https://fim.wksu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedrasyy/244-kruglyj-stol-v-onlajn-formate-problemy-i-rekomendatsii-v-metodicheskoy-formirovanii-vypusknikov>

2021- жылдың ақпан айының 10- күні «Қашықтан оқытуда бейне материалдарды қолдану әдістемесі» тақырыбында ғылыми- әдістемелік семинардың кезекті отырысы өтті. Семинарды кафедраның аға оқытушысы, магистр Маннапова Т.М.

өткізді. Семинар мақсаты болып қашықтан оқытуда бейне материалдарды қолдану тәжірибесімен бөлісу саналды.



Семинарды жүргізуші *Маннапова Т.М.* бүкіл дүние жүзіндегі орын алған жағдайға байланысты вебинарлар, бейне сабақтар, тренажерлер сияқты оқытудың жаңа перспективті формалары пайда болғанын айта келіп, бейне сабаққа тоқталды. Ол бейне сабақты жазудың 2 жолын көрсетіп, бейне сабақты университетте оқытылатын сабақтардың басқа

түрлерімен салыстырып, олардың студенттер мен оқытушылар үшін пайдалы жақтары мен кемшіліктерін салыстырмалы түрде қарастырды. Бейне сабақты дайындау үшін қолданылатын қосымшаларға тоқталып, YouTube арнасына жүктелген бейне сабақтарды қолданудың артықшылықтарын атап көрсетті. Бейне сабақтар арқылы оқытудың практикалық тәжірибесіне сүйене отырып, ЖОО - да бейне сабақтар түрінде оқуға көшу оқытудың басқа түрлері-вебинарлар мен аудиториядағы тақтада дәріс оқу тиімділігінен асып түсетінін атап өтті.

Сонан соң, семинарды жүргізуші *М. Өтемісов* атындағы БҚУ білім беру порталына кіріп, жүктеген бейне материалдарына шолу жасап, «Java бағдарламалау тілі» пәнінен бейне дәрістерді демонстрациялады.

Семинар соңында семинарға қатысушылар қашықтан оқытуда бейне материалдарды қолдану бойынша өз ойларын ортаға салып, тәжірибелерімен бөлісті.

Семинар туралы мақала екі тілде факультет сайтында жарияланды.


«Қашықтан оқытуда бейне материалдарды қолдану әдістемесі» тақырыбы бойынша онлайн форматта өткен семинар. 10-ақпан 2021 ж.

Сайт адресі: <https://fim.wku.edu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedras/257-ashy-tan-o-ytuda-bejne-materialdardy-oldanu-distemesi-ta-uryby-bojynsha-onlajn-formatta-tken-seminar>

2021- жылдың наурыз айының 30- күні «Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар пәнін ағылшын тілінде оқыту» тақырыбында ғылыми- әдістемелік семинардың кезекті отырысы өтті. Семинарды кафедра доценті, э.ғ.к. Абулкасова Д.Б. өткізді. Семинар мақсаты болып ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (АКТ) пәнін барлық мамандықтарда ағылшын тілінде оқыту әдістемесі бойынша тәжірибемен бөлісу саналды.



Семинарды жүргізуші Абулкасова Д.Б. алдымен АКТ пәнінің мақсатына тоқталып өтті. Ол өз сөзінде университетте «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқытудың мақсаты болып жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы білімді жүйелеу және кеңейту, студенттердің ақпараттық мәдениетті қалыптастыру және қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның әр түрлі салаларында ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктерін түсінуі саналатынын айтты.



Сонан соң, АКТ пәнін оқытуда қолданылатын әдістерге тоқталып, оның маңызын атап көрсетті. АКТ пәнін ағылшын тілінде оқытуда қолданылатын мәтінмен жұмыс, сөздікпен жұмыс, аудио тыңдау, бейнежазбаларды қарау сияқты әдістерге тоқталды.

АКТ-ны ағылшын тілінде оқытудың маңызды құралы Интернет-ресурстарды пайдалану болып табылады.

Семинар барысында Абулкасова Д.Б. АКТ пәнін, сондай-ақ тілдік пәндерді оқытуда ағылшын тілінде оқытуда көмегін тигізетін келесі ресурстармен таныстырды:

- <http://study-english.info/>;
- <https://computer-eng.slovaronline.com/>;
- <http://www.iubip.ru/library/links/references/dictionaries/IT/>;
- <http://www.perfekt.ru/dict/pc.htm>;
- <https://www.real-english.com/>;
- <https://courses.aiu.edu/COMPUTERS.html>. *т.б.*

Сонан соң, ол аталмыш сайттардың әрқайсысына егжей тегжейлі тоқталып, білім беру үшін қолдану жолдарын экраннан демонстрациялады.

Семинар соңында кафедра доценті, п.ғ.к. Медешова А.Б. сөз алып, семинар тақырыбының өте өзекті екенін, кафедра оқытушылары үшін қолданбалы сипатта болғанын айта келіп, берілген материалдардың оқытушылардың кәсіби құзіреттілігін дамытуда үлкен роль атқаратынына тоқталды. Тақырыптың ғылыми сипаттағы нәтижесі ретінде мақала ретінде жарық көруге ұсыныс жасады.

Семинар туралы мақала екі тілде факультет сайтында жарияланды.


“Ақпараттық – коммуникациялық технологиялар пәнін ағылшын тілінде оқыту” тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік семинар. 30-наурыз 2021 ж.

Сайт адресі: <https://fim.wku.edu.kz/kk/novosti/18-informatika-kafedras/258-a-paratty-kommunikatsiyaly-tehnologiyalar-p-nin-a-ylshyn-tilinde-o-ytu-ta-uryby-bojynsha-ylymi-distemelik-seminar>

Сәуір айының 15-і күні «Студенттерге практикум өткізу мен бағалау үшін компьютерлік қосымшаларды қолдану» тақырыбы бойынша тренинг өткізілді. Оны кафедра оқытушысы, магистр Кубегенова А.Д. өткізді.

Ол өз сөзінде алдымен қазіргі заманғы техникалық және бағдарламалық құралдардың, сондай-ақ ағымдағы (жедел) бақылауды ұйымдастыру және жүргізу кезінде мобильді қосымшалар үшін Интернет желісі ұсынатын құралдардың мүмкіндіктеріне тоқталды.

Сонан соң заманауи мобильді технологиялар ноутбуктер, планшеттер мен смартфондарға арналған желілік бағдарламалық жасақтаманың көмегімен тесттер құруға және білімді жедел бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Бүгінгі таңда білім беруде тестілеудің ең көп таралған әдісі болып табылады, ол көптеген зерттеушілер атап өткендей, тестілеу әдістері, тестілеу нәтижелері және тестілеу нәтижелерін түсіндіру көп таралған утилиталар мен қызметтерді атап өтуге болады Олар: Quizlet, Kahoot!, Plickers, EasyTestMaker және т. б. MyTest, INDIGO, Master Test, TestMake және басқалары сияқты әртүрлі мүмкіндіктері бар тесттік қабықшалар (тестовые оболочки) бар.



*Семинарды жүргізуші Skype, Discord, Zoom, Google Hangouts, Microsoft Teams бағдарламалары дәрістер мен практикалық сабақтарды компьютер арқылы онлайн режимінде өткізуге мүмкіндік береді — басқаша айтқанда, қызметтер конференция қатысушыларына камера арқылы не болып жатқанын көрсететінін айтып, аталған бағдарламалардың веб-нұсқасы, сонымен қатар Android, iOS, ДК, macOS және Linux қосымшаларында жұмыс жасай алатынына тоқталды.*

Сосан соң, *Photomath* қосымшасының қызметін экраннан демонстрациялады. Бұл қосымша математиканы үйрететін барлық адамдар үшін таптырмас көмекші болып табылады» деп атап көрсетті.

Соңында, *Graphing Calculator*-графиктерді жасауға арналған ыңғайлы бағдарламасының және *Xmind* қосымшаларының қызметімен таныстырды.

Семинарда онлайн және оффлайн режимде студенттерге тәжірибелік сабақтар өткізу мен бағалауда компьютерлік қосымшаларды қолдану тәжірибесімен бөлісу жүзеге асырылды. Аталмыш қосымшаларды сабақта қолданысқа енгізуге шешім қабылданды.

Семинар жетекшісі:

Мухамбетова Ғ.Ғ.